

"Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 257 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 қазанда № 21429 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17257 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кәсіпшілік күш-жігер нормативтері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 13 қазаны
№ 257 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 12 шілдедегі
№ 298 бұйрығына
қосымша

Балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі кәсіпшілік күш жігер нормативтері

С у айдындары	Аулардың саны		Жылымдардың/қабадалардың саны		Балықшылардың саны		Кемелердің саны**		Қайықтардың саны	
	Бір к/у*	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у	Бір к/у	Барлық к/у
1 2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Халықаралық маңызы бар су айдындары										
1 Жайық өзені	-	-	2	32	20	320	2	32	6	96
2 Қиғаш өзені	-	-	4	28	20	140	2	14	6	42
3 Каспий теңізі (Теңізде аулау)	300	5400	300	5400	30	540	2	36	6	108
4 Жайсан көлі	400	2800	7	49	118	826	14	98	24	168
5 Бұқтырма су қоймасы	183	3477	3	57	50	950	3	57	10	190
6 Шүлбі су қоймасы	85	850	1	10	20	200	1	10	4	40
7 Шардара су қоймасы	115	460	5	20	42	168	5	20	16	64
8 Кіші Арал теңізі	400	7000	2	36	40	720	2	36	20	360
9 Сырдария өзені	150	600	1	4	15	60	1	4	4	16
Қапшағай су қоймасы										
№	Б і р балықшыға аулардың саны, дана	Керме аулардың (сүйретпелердің) саны		1 шақырым учаскенің ұзындығына балықшылардың саны ***		Кемелердің саны		1 шақырым учаскенің ұзындығына кемелердің саны ***		
10	15	10		2		10		2		

Республикалық маңызы бар су айдындары											
11	Алакөл көлі	40	360	1	9	10	90	1	9	4	36
12	Сасықкөл көлі	20	300	1	15	10	150	1	15	4	60
13	Қошқаркөл көлі	60	60	2	2	20	20	-	-	4	4
Балқаш көлі											
№	Аудан нөмірі	Аулардың саны, дана	Керме аулар саны, дана	Балық аулаумен айналысатын балықшылар саны				Саны, бірлік			
Моторлы қайық			Балық аулау кемелері								
1	2	3	4	5			6		7		
1	1	314	15	106			11		30		
2	2	403	10	80			13		20		
3	3	527	11	92			17		22		
4	4	431	7	64			15		14		
5	5	276	1	20			9		2		
6	6	545	5	57			18		10		
7	7	473	2	36			16		4		
8	8	201	1	16			7		2		
9	9	201	1	16			7		2		
10	10	101	1	11			3		2		
11	11	128	-	6			4		-		
Барлығы		3600	54	504			120		108		

Ескертпе:

*к/у – кәсіптік балық аулау учаскелері;

** – кемелер ретінде шағын көлемді кемеден басқа балық аулауға қолданылатын барлық кемелер түрі пайымдалады;

*** – балық шаруашылығы учаскесінің паспортына сәйкес жаға бойынша учаскенің ұзындығы.